

Зияткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтардың жолын кесу жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді орындауға жауапты мемлекеттік органдардың тізбесін белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 қарашадағы N 1141 қаулысы

2001 жылғы 11 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңымен бекітілген Санаткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтардың жолын кесу жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) 4-бабының 2-тармағына сәйкес, сондай-ақ зияткерлік меншікті қорғау саласында келісілген нысандарды әзірлеу және өзара іс-қимыл әдістерін іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Келісімді орындауға жауапты мемлекеттік органдардың тізбесі мынадай болып б е л г і л е н с і н :

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
К е д е н д і к б а қ ы л а у к о м и т е т і ;

Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа
қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы); <*>

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы (келісім бойынша).

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.09.06. N 936 , 2006.01.13 . N 38 Қаулыларымен.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Келісімді орындауға жауапты мемлекеттік органдардың белгіленуі туралы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару комитетіне хабарласын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі